

## Рецензии

---

---

К. Н. Жайлыйбайдың «*Kүріш*» тақырыбындағы монографиясына

### П И К И Р

Монографияның бірінші тарауында күріш егіншілігінің пайда болуы, дамуы және Орталық Азия мен Қазақстанга таралуы мәселелері қарастырылған. Фалымдардың тарихи, лингвистикалық, археологиялық және фольклорлық мәліметтерді жинақтап тұжырымдау нәтижесіне қараганда, күріш егіншілігі 20 мың жыл және оданда бұрын Үндіктыайда пайда болып, егіншілік қалыптасқан. Одан Қытайга, Маньчжурияга, Корея мен Жапонияға таралған. Орталық Азияға күріш б.э.б. 3–2 гасырда «Жібек жолы» арқылы келген. Ал, Қазақстандағы негізгі күріш өсіруші аймақ – Сыр өніріне 1895–1896 жылдардан бастап егіле бастады. 1975–1990 жылдар аралығында Арап өнірінде инженерлі дайындалған суармалы жерлер 217 мың гектар қолемінде игеріліп, жыл сайынғы күріш егісі қолемі 95–110 мың гектарға жетті. Бұл халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, көптеген күріш совхоздары құрылды.

Бірақ, Арап теңізінің тартылуына, Сырдария суының мөлшері азайып, жер асты суының минерализациялануына, суармалы жерлердің қайталама тұздануының күшеюіне байланысты туындалған экологиялық дагдарысты жағдай салдарынан бұл өнір тек геофизикалық және метеорологиялық жағы-нан өзгеріп отырган жоқ, сонымен қатар биологиялық және экологиялық тепе-тендікте бұзылып барады. Мысалы, Қызылорда облысындағы 217,6 мың гектар суармалы жерлердің 80–85%-ы орташа және жогары деңгейде тұзданып сортандынған, ал 28,3 мың гектары күшті деңгейде тұзданғандық-тан игерілмей, айналымнан шығып қалып отыр. Бұл дақылды өсіріп, күріш астығын алу экономикалық тұрғыдан тиімді болғанымен, аталған жағдайлар әсерінен күріш дақылышын егіс қолемін азайтуға шаруашылықтар мәжбүр болып отыр. Соңдықтан, күріш егісі өнімділігін арттыру бүтінгі таңдағы ең өзекті проблеманың бірі.

Бұл проблеманы шешу үшін мол дән өнімін беретін күріш сорттарының жогары өнімді агроценоздарының фотосинтетикалық әрекетін (қызметін), морфофизиологиялық, морфоанатомиялық ерекшеліктерін терең зерттеп, мол өнімді болашак сорттар моделін тұжырымдау керек. Бұл күріш егіншілігі мен селекциядагы проблемаларды, жогары өнімді, экологиялық толерантты (шыдамды) сорттардың морфофизиологиялық моделін жасауда, тыңайтқыштарды қолдануды оптимизациялап қолайландыру шараларын шешуде үлкен мүмкіндіктер тұтынады.

Профессор К. Н. Жайлыйбайдың «*Күріш*» атты монографиясы осындай күрделі мәселелерді анықтап шешуде елеулі үлес қосқан күрделі енбек.

Арап өңірі жағдайында орта бойлы Кубань 3, Маржан, Арап 202, Ару, Түгіскен 1 сорттары өнімінің артуының «*бірінші эффекті*» азот тыңайтқышы N120P90-120 кг/га дозасында берілгенде байқалды. Ең жогары дән өнімінің артуының «*екінші эффекті*» азот тыңайтқышы N180P120 кг/га мөлшерінде енгізілгенде алынды. Ал, тыңайтқыштар дозасын одан әрі көбейту (N240P180 кг/га) жалпы биомасса өнімін (Өбиол., ц/га) арттырығанымен, фотосинтезіндің таза өнімділігі (Фт.ө., г/м<sup>2</sup>тәулік) көрсеткішін төмендетті, бірақ, дән өнімін (Өшар, ц/га) арттырыған жоқ, керісінше төмендетті. Күріш егісіне осындай көп мөлшерде тыңайтқыштар енгізу топырақты, су қоймаларын және табиги фитоценоздарды ластайды, ягни экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімсіз.

Күріш егісіне тыңайтқыштар оптимальды дозада (N180P120 кг/га) және орташа мөлшерде (N120P120 кг/га) енгізілген жағдайда күріш сорттарының вегетативті мүшелерінің анатомиялық құрылышы зерттеліп, мемлекеттік тілде алгаш сипатталды.

Жогары өнімді, өзгерген экологиялық жағдайларга төзімді (толерантты) болашақ күріш сорттарының морфофизиологиялық моделі, селекциялық ұлгілерді бағалап сұрыптауга арналған физиологиялық әдістемелер тұжырымдалып селекциялық практикага ұсынылды.

Автордың зерттеу нәтижелері бойынша, Арап өнірі жағдайында күріш егісіне берілетін минеральды, өсіресе азот тыңайтқышының дозасы мен енгізу әдістерін анықтап белгілегендеге сорттарды биқтігі, архитектоникасы және өсімдік типтері бойынша топтастыру керек. Генотипі және шығу тегі әртүрлі болғанымен, биқтігі, архитектоникасы бірдей сорттар фотосинтетикалық және дән өнімділігі бойынша бірегей құрылымды агроненоз қалыптастырады. Сондықтан, минеральды тыңайтқыштар дозасы, енгізу мерзімі және тәсілдері, суару режимі және басқада агротехникалық шаралар біртекті, яғни технологиялық деңгейі, шаралары бойынша ұқсас болады. Атап айтқанда:

а) күріштің жінішке, тік жапырақты Кубань 3, Краснодарский 424, Ару сорттарының жогары өнімді егістігі (агроненозы) тұқымнан өніп шыққанда өскіндер саны  $320\text{-}430$  дана/ $\text{м}^2$ , ору алдында  $250\text{-}350$  дана/ $\text{м}^2$  өсімдік болғанда, оптимальды масақты сабактар саны  $550\text{-}650$  дана/ $\text{м}^2$ , немесе гектарына  $5,5\text{-}6,5$  млн. масақ болғанда қалыптасады. Осындай жогары өнімді егістікке азот тыңайтқышының ( $N180P120$  кг/га)  $25\text{-}33\%$ -ын себу алдында,  $67\text{-}75\%$ -ын күріш  $6\text{-}7$  және  $8\text{-}9$  жапырақты кезеңде екі рет үстеп қоректендіру ретінде берілгенде алынады;

б) күріштің ірі жапырақты (Маржан, Арап 202, Тұғіскен 1) сорттарының жогары өнімді агроненозы тұқымнан өніп шыққанда өскіндер саны  $250\text{-}350$  дана/ $\text{м}^2$ , ору алдында  $220\text{-}300$  дана/ $\text{м}^2$  өсімдік, оптимальды масақты сабактар саны  $520\text{-}580$  дана/ $\text{м}^2$  болғанда қалыптасты. Осындай жогары өнімді егістікке азот тыңайтқышының ( $N180P120$  кг/га)  $60\text{-}70\%$ -ын себу алдында,  $30\text{-}40\%$ -ын  $6\text{-}7$  жапырақты кезеңде (органогенездің 3-ші этапы фазасының басында) бір рет үстеп қоректендіру ретінде берілгенде алынды.

Осыған сәйкес, профессор К. Н. Жайлыбайдың «Күріш» атты монографиясы биология гылымына, күріш егіншілігіне елеулі үлес қосқан күрделі гылыми енбек.

*Саданов А.К., ҚР БжсFM «Микробиология және вирусология институтының» Бас директоры, Қазақстан Республикасының гылым мен техника саласы бойынша мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Құрмет» орденінің иегері, биология гылымдарының докторы, профессор, академик*